

Қостанай ауданының аумағында табиғи сипаттағы жергілікті ауқымдағы төтенше жағдай жариялау туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімінің 2023 жылғы 27 желтоқсандағы № 5 шешімі. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімінің 2024 жылғы 26 наурыздағы № 3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімінің 26.03.2024 № 3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33 - бабы 1 - тармағының 13) тармақшасына, "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 48 - бабына және 50 - бабы 2 - тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 10 мамырдағы "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың жіктелуін белгілеу туралы" № 240 бұйрығына сәйкес, Қостанай ауданының төтенше жағдайдың алдын алу және жою жөніндегі комиссиясының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 13 кезектен тыс отырысының хаттамаларын ШЕШТІ:

1. Қостанай ауданының аумағында табиғи сипаттағы жергілікті ауқымдағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Аудан аумағында табиғи сипаттағы жергілікті ауқымдағы төтенше жағдайды жоюға бағытталған іс - шаралар өткізілсін.

3. Қостанай ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасары Сабитов Данияр Кайратович табиғи сипаттағы жергілікті ауқымдағы төтенше жағдайды жою жөніндегі басшы болып тағайындалсын.

4. "Қостанай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімге қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қостанай облысы бойынша "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалына жіберу;

2) осы шешім Қостанай ауданы әкімдігінің интернет - ресурсында орналастырылсын.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

6. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қостанай ауданының әкімі

Б. Танжариков

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК